



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: АЛАШ ЖӘНЕ ДІН

**Анкабаев Мухаммадияр Нуриддинұлы.**

jantek7@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің I курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері– Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

XX ғасыр басындағы елдік сананы ту еткен, ұлттың рухани дамуын басшылыққа алған, Алаш қозғалысының тарихында ислам діні қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына өзіндік әсер еткенін мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Алаш мұраты – бүгінде Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыруы» мен «Мәңгілік ел» идеясы ретінде жалғасын тауып, өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Біз тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі таңда мемлекеттілікті нығайту тұрғысындағы қолға алған әрбір істерін кешегі Алаш зиялыларының аманаты деп білеміз. Яғни, Алаш идеясы мәңгі жалғасын таба береді. Алаш қайраткерлері саяси тәуелсіздікпен қатар дін мәселесінде де тәуелсіз болуды күн тәртібіне қойды. «Алаш орда» өкіметі құрылып, оның бағдарламасында дін мәселесі қарастырылды. «Алаш орда» үкіметінің II съезінде Ғұмар Қараш бас қазі болып сайланды. Өкіметтің Бас уәкілдігі жанынан діни істермен айналысатын жоғары инстанция құру мәселесі де көтерілді. Бұл, сөз жоқ, Алаш зиялыларының асқан көреген болғанын әйгілейді»[1,1].

Қандай да болмасын халықтың ұзына бойғы тарихында гуманизм идеялары бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбатында: «Біз, жалпы, діннен де, тілден де айырыла жаздаған елміз. Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді. Қазақтың тілі бір шоғыр қазақтардың тілі болып қалды. Ол қайда шығады? Кімге керек болады? Қазақтың шекарасынан асып шықсаң, бұл тілдің керегі бар ма, жоқ па? Бір жағынан алып қарағанда оның жөні бар. Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз. Қазақтың кейбір сөз оралымдарын, Абайдың сөз өрнегін басқа тілге, мәселен, орысшаға, ағылшыншаға аударып көрші. Ол мүмкін емес. Себебі тілдің өз қасиеті бар. Сондықтан тіл жоғалатын болса, сол қасиет те жоғалады. Сол сияқты біз тәуелсіздік жылдарында дінімізге қайта оралып жатырмыз. Қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айрылып көрген емес. Ешқандай уақыт үзілісі болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді [1,2].

Алаш қайраткерлерінің имандылығы мен кісілік қасиеттері - олардың мұсылманша тәрбие, білім алғанынан дарыған табиғи қасиет. Ұлт-азаттық күрестің ішінде ислам дінінің көптеген ірі өкілдері болды. Сондай-ақ, қозғалыстың қарқынды жүруіне, зиялылардың бас біріктіруіне Мұсылман съездерінің, Мұсылман фракциясының, «Шура-И Ислам» сияқты қоғамдық-саяси ұйымның рөлдері айрықша байқалды. Бірінші, екінші жалпы Қазақ сиездерінде дін мәселесі күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болды. «Алаш» партиясы бағдарламасына дін ісі жеке тарау ретінде енгізілген болатын. Сонымен бірге дін бірлігі сол тұста қазақ, татар, башқұрт, қырғыз, әзірбайжан т.б. ұлттардан шыққан елшіл қайраткерлердің ортақ мүдде тұрғысынан серіктесіп, өзара байланыста болуларына, ұлт тәуелсіздігі мәселесі төңірегінде ұйымдасуларына айтулы ықпал жасады.

«Алаш» партиясының 1917 жылы қабылдаған X тараудан тұратын Бағдарламасының IV тарауы «Дін ісі» деп аталды. Тарауда: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы» деген құқықтық норма көрсетілді. Бағдарламадағы «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы»

деген норма зайырлылықтың негізгі принципі екені белгілі. Әйтсе де, «Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы» деген нормалар «Алаш» партиясының зайырлылықтың преференциялық үлгісін таңдағанын көрсетеді. Алаш қайраткерлері Батыс пен Шығысты тең тұтқан, ғылыми исламды өмірінің мәніне айналдырған Исмаил Гаспринскийдің шекпенінен шықты [1,3]. Алаш зиялылары «Қарқаралы петициясында» өздерін мұсылман қазақ (қырғыз) деп атау (1 бап), мұрагерлік ісін толығымен молда мен шариғатқа бағындыру (12 бап), дін адамдарын қамтамасыз етуді Қазан мұсылмандарымен теңестіру (21 бап), қажылыққа баруға шек қоймау (22 бап), қажылыққа барушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (23 бап), миссионерлерге тыйым салу (24 бап), кәмелетке толмаған жастардың басқа дінге өтуіне тыйым салу (25 бап), мешіт пен медресе үшін «Вакуф»қа рұқсат беру (28 бап), мұсылман дінбасылары православ қызметкерлері сияқты құрметті болу (31 бап), мектептерде мұсылмандық пәндерді міндетті түрде оқыту (32 бап), мектептерде христиан діні туралы сабақ оқытпау (33 бап), шариғатқа сай зектер, пітір және басқада міндетті алымдар кедей оқушыларға беру (46 бап) секілді мәселелерді көтерген және осы жолда қызмет жасаған. Алаш зиялылары дін мәселесіне терең көзбен қарай отыра, сол қысқа уақыттың ішінде көптеген мәселелердің түйінін шешкендігін кешегі тарлан тарихтан білеміз. Алаш зиялылары қанша қиын болса да оқу, ағарту ісіне бар күштерін жұмсағаны мәлім. Заманауи, һәм, шариғи білім алған бұл ұлт жанашырлары халқының көзін ашу үшін ірі елді мекендерде, өңірлерде мектеп - медреселер ашты және өздерінің еңбектерімен өлеңдерінде халықтың ұлттық дүние танымын оятып, халықтың рухын көтерді. Бұған бір дәлел: М. Дулатұлы өзінің «Оян қазақ» атты өлеңінде былай деп баяндайды:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты [1,4].

Бұл нақыл сөздер әр халық мемлекет болып қалыптасқаннан кейін дінімен тілінің жойылмай, ата-дәстүрін сақтау арқылы дамуын ең басты орынға қояды. Белгілі Алаш қайраткері М.Дулатұлы өзінің жоғарыдағы өлең жолдарын қазақ халқының сол қиын қыстау сәттегі халықтың рухын көтеруге бағыттады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы болса «Қазақтың өмірі ағын су секілді болу керек» деді. Яғни, бір жерде тұрып қалмай өмір көшіне ілесіп, дін мен ділді қатар алып жүру керек дейді. Ал, бүгінгі күнде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу керек. Осы күнде дінге қатысты біраз шиеленістер мен дау-дамайлар белең алып бара жатқаны жасырын емес. Оның басты себебі, әлемдік діндердің өзара тармақтарға бөлініп, өзгеше ағымдардың пайда болуында. Адам қанша жерден діндар, тақуа болса да оған ең алдымен иман керек. Бұған Абай Құнанбаевтың: «Имансыздың сыртын қанша жусаң да, іші оңбайды», – десе, Қожа Ахмет Иасауи бабамыз да: «Ең алдымен иманды түзеу арқылы адамды, сосын ортаны, содан кейін заманды түзетуге болады», – деп, [1,5] иманды алғашқы орынға қояды. Иманы, ары, адамгершілігі бар адам ешқашан да опасыздық жасамайды. Отанды сүю шынайы иманнан көрініс табады. Имансыз адам Отанның қадір-қасиетін де, маңызын да білмей өтеді.

Ислам діні қазақ даласында ең алғаш Қарахан мемлекеті мемлекеттік дін деп жариялағаннан кейін тарай бастады. Содан бастап ұлан байтақ атырапта ислам діні ұстаным болып келеді. Иә, расында да біз кешегі аталарымыз аңсағандай, қанымызға сіңген қасиеттерді алға қойып, өмір көшіне ілесіп, әлемдегі ең мықты дамыған 30 елдердің қатарымен, сол әлемнің назарында жүруіміз керек деп білеміз.

Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатұлы, Ғұмар Қараш, Наурызбай Таласов сынды қазақтың ұлт зиялылары мектеп медреселерде

ұстаздық қызметін атқарды. Мектеп медреселерде тек діни тұрғымен шектеліп қалды десек бұл дұрыс болмас. Мектеп пен медреселерде діни пәндермен қоса есептеу, жағрафия, жаратылыстану және шағыс әдебиеттерімен тағы да басқа сабақтарды үйретті. Бұған дәлел ретінде халық арасында Науан Хазірет атымен белгілі Наурызбай Таласовты ерекше атап өтуге болады. Наурызбай Таласов Көкшетау өңірінде өзінің қаражатынан мешіт салдырып, өзі имам болып, сол жерде шәкірттерді тәрбиеледі. Алаштың саналы азаматтары діни бағытта болсын, ғылыми бағытта болсын, қазақ азаматтарының сауатты болып шығуына аса ыждаһаттылықпен қарағандығын көруге болады.

Оған себеп, Ресейдің орыстандыруымен христиандандыру саясаты болғаны бізге тарихтан мәлім. Тілі мен дінінен айырылған халықтың тарих сахнасында аты өшпей қалуы сіре мүмкін емес еді. XX ғасырдың басында қоғамдық саясатқа әсер етуші жәдидшілдік - дінге қатысты термин пайда болды. Жәдидшілдік – мұсылман қоғамының жаңа тұрғыдан қозғалуы. Яғни, ескі діни ұғымдарды, діни салт-дәстүрлерді сақтай отырып, заманның жаңалықтарын қабылдау. Бұл қозғалыс Қырым мен Әзірбайжаннан бастау алып, кейіннен қазақ халқының арасында қалыптаса бастады. Бұл қозғалысты Алаш қайраткерлері де жақтады. XX ғасырдың басында Қазақ елінің өркендеуі жолында діннің алатын орны Алаш зиялыларының арасында екі жақты көзқарас қалыптастырды. «Айқап» журналының төңірегіне жиналған зиялылар «Егер Қазақ мемлекеті құрылатын болса, ислам дінінің заңдылықтарына, яғни, шариғатқа негізделуі керек » деген пікір басымдық танытса, «Қазақ» газетінің шығарушылар Қазақ мемлекетін Еуропалық жүйемен басқару керек деген пікірде болған. Сөйте тұра, олар ата дініміз исламды, салт-дәстүрді халықтың маңызды рухани құндылығы ретінде көздің қарашығындай сақтауды ұстанған. Осы екі идея халық арасында қоғамдық пікір тудырды.

Алаш зиялыларының көздеген мақсаттарының ең өзектісі қазақ баласына, еліне жанашырлық таныту, ұлттың еркіндігі мен азаттығын алу, діні, тілі, мәдениетін сақтау екендігіне шүбәм жоқ. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары өте білімді болған. Алаш зиялыларының ең басты мақсат жолындағы Бисмиллә деп қолға алатын бірінші шаруасы бұл – оқу. Екінші қазақтың ынтымағы. Үшінші шаруа халықтың қамын ойлау. Сол кезде Алаш зиялылары исламға мәдени – рухани ағартудың негізі, жойылып кету қауіпінің қорғаушысы деп қараған. «Оян Қазақ», «Қырық мысал», «Маса» атты кітаптарда осы ойлардың өзегі айтылады. Алаш зиялылары көптеген шығармаларында дінді сақтауды ұлтты сақтаумен тең алып қараған деп кеңінен айта аламыз. Алаш зиялылары «Отанды қорғау және оны сүю иманнан» деп білді. Патша өкіметі кезінде де, одан кейінгі Кеңес үкіметі кезінде де қазақ жеріндегі басты қарсылық дін тарапынан туындайтынын жақсы білген. Алаш Орданың ресми хаттары, ресми жазба тілі Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған араб графикасы негізінде құралған төте жазумен жазылды. Міне, осылардың барлығы сол кезде Алаш зиялылары және бүкіл қазақ халқының мұсылмандықтан айнымағандығын көрсетеді. 1913 жылы «Қазақ» газетіне берген мақаласында Әлихан Бөкейханов: «дін мемлекетке қараса, мемлекеттің нанын жесе онда ол сол мемлекеттің биліктің сөзін сөйлейді. Дін мемлекеттен бөлек болуы керек» [1,6] деген Алаш көсемінің ұлағатты сөзі бүгінгі күннің қағидасы болып табылады. Осы орайда, Елбасымыз Н.Назарбаев: «Түбіміз түркі, дініміз ислам екенін ұмытпауымыз қажет. Бәріміздің киелі ата мекеніміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз» — деп ой қорытады [1,7].

Алаштың зиялылары өз ұлты мен дінін жақтап, халық арасында пікірлерін ашық білдірген. XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқы үшін өте қиын кезеңдердің бірі болды. Өйткені, осы кезде қазақ қоғамында діни және саяси тұрақсыздық орнады. Дәл осы кезде жоғарыдағы аты аталған Алаштың көкірегі ояу, көзі ашық, діни қайраткерлері, жазушылары мен ақындары қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, тілінің, ділі мен дінінің амандығы үшін, болашақ ұрпақтың аспандағы сұңқары сияқты, қанатын кең жайып самғап ұшуы үшін, бостандығы үшін

қолдарынан келгенін жасап, аянбай тер төгіп күресті. 1917 жылы патша үкіметі құлаған кезде, Алаш қайраткерлері тәуелсіз ел болуға әрекет жасады. Алаш партиясын құрып, конституцияның ісі біткен соң, он тараудан тұратын бағдарлама жазды. Сол бағдарламаның төртінші тарауын дінге арнаған. Бұл бөлім «дін ісі» деп аталып, онда Мүфтилік қазақта өз алдына жеке болу керек деген мәселе көтеріледі. Өткен көнекөз тарихқа назар салатын болсақ, бұрын қазақ халқы дін ісінде отаршылдық саясатқа қызмет еткен, Орынбор мүфтилігіне бағынғандығын көреміз. Осыған орай, алаш қайраткерлері дін мәселесінде де тәуелсіз болуды айқындап, алдыңғы қатарға қойғандығын көреміз. Жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе Ұлт Көшбасшымыздың: «Біз – тегіміз түрік, дініміз - ислам екенін ұмытпауымыз керек, ол үшін қасиетті – Құран Кәрімді естен шығармауымыз керек» деген нақыл сөзімен бірге, «Мәңгілік ел», «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» саясаты аясында Алаш зиялыларының бастаған ісі, аңсаған мақсат-мұраты, діннің тұтастығы мен елдің тұтастығы. рухани байлықтың бірі дәстүрлі діни санамызды жоғалтпау үшін, діни танымды біз сырттан емес, қазақ ғалымдарының діни танымын жастардың саналарына сіңдіріп тәрбиелеген жөн. Алаш арысы Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Білімсіз ел – Жас бала секілді: бір жаңа нәрсе көрінсе, бұрынғыны тастап соған ұмтылмақшы» - деген қағидаттарын бүгінгі тәуелсіз еліміздің жас буын өкілдеріне батысқа еліктеп арсыз болмасын, жалған дін атын жамылған топтардың жетегінде кетпесін десек, бабаларымыздан қалған салихалы сара жолды жиі айтып насихаттау керекпіз. Токсан ауыздың тобықтай түйіні: Тәуелсіздік тірегіміз.

Ислам діні діңгегіміз.

Дәстүр өмір салтымыз.

Арыстан баб, Яссауи бабаларымыз.

Абай, Шәкәрім даналарымыз.

Алаш қайраткерлері дінін, дәстүрін,

отанын қорғаған ағаларымыз - деп [1,8], ата-жолы хақ жолы екенін дұрыс насихаттасақ, нұр үстіне, нұр болары даусыз. Бабаларымыздың өмірі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі. Демек, ұлттық құндылықтар тамыры терең тарихи сабақтастықта жатыр.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. Ислам және зайырлы мемлекет. 30 тамыз. 2014. 3 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы және ислам құндылықтары. // Абай. – 2012. – №1-4. 29-33 бб.
4. М. Дулатұлы "Оян, қазақ!" Қазан қаласы. «Шарқ» баспасы. 1909. 12 б.
5. Маржан С. Алаш зиялылары һәм дін. // Ақиқат журналы. 11 сәуір. 2016 жыл. 4-5 бб.
6. Н.Нуртазина. Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008.12 б.
7. Қазақстан дінтанушыларының Үшінші Форумы материалдарының жинағы. – Астана, 2013 жыл.5 б.
8. Жақыпов Е. Дін және жастар. Алматы. 2017 жыл. 2-5 бб.